**Көлік құралын (көлік құралының шассиін) дайындау жылының және көлік құралының ( көлік құралының шассиінің) сәйкестендіру нөмірінің құрамына кіретін символдың сәйкестігін айқындауға арналған анықтамалық туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 7 шілдедегі № 64 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 4 және 7-тармақтарына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы ережені басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қоса беріліп отырған Көлік құралын (көлік құралының шассиін) дайындау жылының және көлік құралының (көлік құралының шассиінің) сәйкестендіру нөмірінің құрамына кіретін символдың сәйкестігін айқындауға арналған анықтамалық (бұдан әрі – анықтамалық) бекітілсін.

2. Анықтамалық Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі ресурстарының құрамына енгізілсін.

3. Мыналар:

анықтамалық осы Шешім күшіне енген күнінен бастап қолданылады;

анықтамалықтың кодтық белгіленімдерін пайдалану көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдары шассиінің электрондық паспорттары) жүйелерінің және өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету кезінде міндетті болып табылады деп белгіленсін.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы* — *Б. Сағынтаев*

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2025 жылғы 7 шілдедегі
№ 64 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**Көлік құралын (көлік құралының шассиін) дайындау жылының және көлік құралының ( көлік құралының шассиінің) сәйкестендіру нөмірінің құрамына кіретін символдың сәйкестігін айқындауға арналған АНЫҚТАМАЛЫҚ**

## I. Анықтамалықтағы нақтыланған мәліметтер

| Жазбаның коды (шығарылған жылы, модельдік жыл ) | Көлік құралының сәйкестендіру нөмірінің құрамындағы символ |
|---|---|
| 1980 | A |
| 1981 | B |
| 1982 | C |
| 1983 | D |
| 1984 | E |
| 1985 | F |
| 1986 | G |
| 1987 | H |
| 1988 | J |
| 1989 | K |
| 1990 | L |
| 1991 | M |
| 1992 | N |
| 1993 | P |
| 1994 | R |
| 1995 | S |
| 1996 | T |
| 1997 | V |
| 1998 | W |
| 1999 | X |
| 2000 | Y |
| 2001 | 1 |
| 2002 | 2 |
| 2003 | 3 |
| 2004 | 4 |
| 2005 | 5 |
| 2006 | 6 |
| 2007 | 7 |
| 2008 | 8 |
| 2009 | 9 |
| 2010 | A |
| 2011 | B |
| 2012 | C |
| 2013 | D |
| 2014 | E |
| 2015 | F |
| 2016 | G |
| 2017 | H |

| | |
|---|---|
| 2018 | J |
| 2019 | K |
| 2020 | L |
| 2021 | M |
| 2022 | N |
| 2023 | P |
| 2024 | R |
| 2025 | S |
| 2026 | T |
| 2027 | V |
| 2028 | W |
| 2029 | X |
| 2030 | Y |
| 2031 | 1 |
| 2032 | 2 |
| 2033 | 3 |
| 2034 | 4 |
| 2035 | 5 |
| 2036 | 6 |
| 2037 | 7 |
| 2038 | 8 |
| 2039 | 9 |
| 2040 | A |

## II. Анықтамалықтың паспорты

| **Р/с №** | **Элементтің белгіленуі** | **Сипаттамасы** |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Коды | 071 |
| 2 | Типі | 1 – анықтамалық |
| 3 | Атауы | Көлік құралын (көлік құралының шассиін) дайындау жылының және көлік құралының (көлік құралының шассиінің) сәйкестендіру нөмірінің құрамына кіретін символдың сәйкестігін айқындауға арналған анықтамалық |
| 4 | Аббревиатурасы | СГИНТС |
| 5 | Таңбалануы | ЕС 071 - 2025 (1-ред.) |
| 6 | Анықтамалықты (сыныптауышты) қабылдау (бекіту) туралы актінің деректемелері | Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 7 шілдедегі № 64 шешімі |
| | Анықтамалықтың ( сыныптауыштың) қолданысқа | |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | енгізілген (қолданыла бастаған) күні | 09.08.2025 |
| 8 | Анықтамалықты (сыныптауышта) қолдануды тоқтату туралы актінің деректемелері | – |
| 9 | Анықтамалықты (сыныптауышта) қолданудың аяқталған күні | – |
| 10 | Оператор (операторлар) | Еуразиялық экономикалық комиссия |
| 11 | Тағайындалуы | көлік құралын (көлік құралының шассин) дайындау жылының және көлік құралын дайындаушы осындай таңбалауды пайдаланған жағдайда көлік құралының (көлік құралының шассиінің) сәйкестендіру нөмірінің құрамына кіретін символдың сәйкестігін айқындау үшін мәліметтерді жүйелеу және кодтау |
| 12 | Аннотация<br>(қолданылу саласы) | Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдары шассилерінің электрондық паспорттары) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттары жүйелерінің жұмыс істеуі шеңберінде пайдаланылады |
| 13 | Түйінді сөздер | Көлік құралының, көлік құралы шассиінің шығарылған жылы, сәйкестендіру нөмірі, модельдік жылы |
| 14 | Еуразиялық экономикалық одақ органдарының өкілеттіктері іске асырылатын сала | техникалық реттеу |
| 15 | Халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) сыныптауышты пайдалану | 2 – анықтамалықтың халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) баламалары жоқ |
| 16 | Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік анықтамалықтарының ( сыныптауыштарының) болуы | 2 – анықтамалықтың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде баламалары жоқ |
| 17 | Жүйелендіру (сыныптау) әдісі | 1 – хронологиялық принципке сәйкес жүйелеудің реттік әдісі |
| | | 1 – анықтамалықты жүргізудің орталықтандырылған әдістемесі. Анықтамалықтың мәндерін қосуды, өзгертуді немесе алып тастауды оператор Еуразиялық |

| | | |
|---|---|---|
| 18 | Жүргізу әдістемесі | экономикалық комиссияның актісіне сәйкес орындайды. Мәні алып тасталған жағдайда анықтамалықтың жазбасы алып тасталған күннен бастап анықтамалық жазбаның қолданысының аяқталуын регламенттейтін Еуразиялық экономикалық комиссияның актісі туралы мәліметтер көрсетіле отырып, қолданылмайтын болып белгіленеді.<br>Анықтамалықтың кодтары бірегей болып табылады, анықтамалықтың кодтарын, оның ішінде жарамсыз кодтарын қайта пайдалануға жол берілмейді |
| 19 | Құрылымы | анықтамалықтың құрылымы туралы ақпарат (жолдарының құрамы, олардың мәндерінің салалары және қалыптастыру қағидалары) осы құжаттың III бөлімінде көрсетілген |
| 20 | Деректердің құпиялылық дәрежесі | анықтамалықтың мәліметтері ашық қол жетімді ақпаратқа жатады |
| 21 | Қайта қараудың белгіленген кезеңділігі | белгіленбеген |
| 22 | Өзгерістер | – |
| 23 | Анықтамалықтағы (сыныптауыштағы) егжей-тегжейлі мәліметтерге сілтеме | https://nsi.eaeunion.org/portal |
| 24 | Анықтамалықтан (сыныптауыштан) мәліметтерді ұсыну тәсілі | Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық порталында жариялау |

## III. Анықтамалық құрылымның сипаттамасы

1. Осы бөлім анықтамалықтың құрылымы мен деректемелік құрамын, оның ішінде деректемелер мәндерінің салаларын және оларды қалыптастыру қағидаларын айқындайды.

2. Анықтамалықтың құрылымы мен реквизиттік құрамы кестеде келтірілген, онда мынадай жолдар (бағандар) қалыптастырылады:

"деректеменің атауы" – деректеменің орныққан немесе ресми сөздік белгіленімі;

"деректеме мәнінің саласы" – элементтің мағынасын (семантикасын) түсіндіретін мәтін;

"деректеменің мәнін қалыптастыру қағидалары" – деректеменің мақсатын нақтылайтын және оны қалыптастыру (толтыру) қағидаларын айқындайтын мәтін немесе деректеменің ықтимал мәндерінің ауызша сипаттамасы;

"көпт." – деректемелердің көптігі (деректеменің ықтимал қайталануының міндеттілігі (опциялылығы) және саны).

3. Берілетін деректердің деректемелерінің көптігін көрсету үшін мынадай белгілер пайдаланылады:

1 – деректеме міндетті, қайталауға жол берілмейді;

n – деректеме міндетті, n рет (n > 1) қайталануға тиіс;

1..* – деректеме міндетті, шектеусіз қайталана алады;

n..* – деректеме міндетті, кемінде n рет (n > 1) қайталануға тиіс;

n..m – деректеме міндетті, n реттен кем және m реттен көп (n > 1, m > n) қайталанбауға тиіс;

0..1 – деректеме опциялы, қайталануға жол берілмейді;

0..* – деректеме опциялы, шектеусіз қайталана алады;

0..m – деректеме опциялы, m реттен (m > 1) асырмай қайталана алады.

Кесте

**Анықтамалықтың құрылымы және реквизиттік құрамы**

| **Деректеменің атауы** | **Деректеме мәнінің саласы** | **Деректемені қалыптастыру қағидалары** | **Көпт.** |
|---|---|---|---|
| 1. Көлік құралының сәйкестендіру нөмірінің құрамындағы символ туралы мәліметтердің түрі | кірістірілген деректемелер мәндерінің салаларымен анықталады | салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады | 1..* |
| 1.1. Жазбаның коды ( шығарылған жылы, модельдік жыл) | символдар жолы. Шаблон: \d{4} | кодтық белгіленуі шығарылған жылға ( модельдік жылға) сәйкес келеді | 1 |
| 1.2. Көлік құралының сәйкестендіру нөмірінің құрамындағы символ | бірыңғайландырылған символдар жолы. Шаблон: [1-9]\|(?=[A-Y])[^IOQU] | "I", "O", "Q", "U" символдарын қоспағанда, латын әліпбиінің цифрлары немесе бас әрпі түрінде қалыптастырылады | 1 |
| 1.3. Анықтамалықтың ( сыныптауыштың) жазбасы туралы мәліметтер | кірістірілген деректемелер мәндерінің салаларымен анықталады | салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады | 1 |
| *.1. Қолданылудың басталған күні | ИСО 8601 стандарттар сериясына сәйкес күні | Еуразиялық экономикалық одақ органының актісінде көрсетілген қолданыстың басталу күніне немесе | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ЖЖЖЖ-АА-КК форматында | өзгерістер енгізілген күнге сәйкес келеді | |
| *.2. Әрекеттің басталуын регламенттейтін акт туралы мәліметтер | кірістірілген деректемелер мәндерінің салаларымен анықталады | салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады | 1 |
| *.2.1. Акт түрінің коды | бірыңғайландырылған символдар жолы. Шаблон: \d{5} | Еуразиялық экономикалық одақ органының актісі түрінің кодтық белгіленуі | 1 |
| *.2.2. Актінің нөмірі | символдар жолы. Ең қысқа ұзындық: 1. Ең ұзын ұзындық: 50 | Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің нөміріне сәйкес келеді | 1 |
| *.2.3. Актінің жасалған күні | ИСО 8601 стандарттар сериясына сәйкес күні ЖЖЖЖ-АА-КК форматында | Еуразиялық экономикалық одақ органының актісін қабылдау күніне сәйкес келеді | 1 |
| *.3. Қолданудың аяқталған күні | ИСО 8601 стандарттар сериясына сәйкес күні ЖЖЖЖ-АА-КК форматында | Еуразиялық экономикалық одақ органының актісінде көрсетілген қолданыстың аяқталу күніне сәйкес келеді | 0..1 |
| *.4. Әрекеттің аяқталуын регламенттейтін акт туралы мәліметтер | кірістірілген деректемелер мәндерінің салаларымен анықталады | салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен айқындалады | 0..1 |
| *.4.1. Акт түрінің коды | бірыңғайландырылған символдар жолы. Шаблон: \d{5} | Еуразиялық экономикалық одақ органының актісі түрінің кодтық белгіленуі | 1 |
| *.4.2. Актінің нөмірі | символдар жолы. Ең қысқа ұзындық: 1. Ең ұзын ұзындық: 50 | Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің нөміріне сәйкес келеді | 1 |
| *.4.3. Актінің жасалған күні | ИСО 8601 стандарттар сериясына сәйкес күні ЖЖЖЖ-АА-КК форматында | Еуразиялық экономикалық одақ органының актісін қабылдау күніне сәйкес келеді | 1 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК